

# Валюта жөтілігі

2023 жылдың 10 - 12 мамыры





Ұзаққа созылған демалыс күндерінен кейін **теңге** аздап әлсіреп, бір доллар үшін 446 теңге деңгейінде жабылды. Бұл ретте теңге индексі 0.1%-ға өсті. Мұндай серпін ұлттық валютаның рубльге (-0.34%) және еуроға (-0.9%) қатысты нығайғандығына байланысты орын алғандығын білдіреді. Атап өту керек, теңге апта ішінде сыртқы экономикалық факторларға, дәлірек мұнай бағасының түсуіне және доллар индексінің нығаюына мойын бұра бастады.

**Доллар индексі** 1.5 пунктке нығайды. АҚШ-та сәуір айындағы инфляция бойынша статистика бағалардың өсуі сақталғандығын көрсетеді. Сәуір айында Тұтыну бағаларының индексі +0.4%-ды құрады (наурызда +0.1%). Инфляцияның мұндай жоғары деңгейде сақталуы ФРЖ-ға базалық мөлшерлемені әрі қарай көтеруіне ықпал етеді. Басқа жағынан алып қарағанда, АҚШ-та жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген өтінімдер саны 242 мыңнан 264 мыңға дейін өсті (болжам 245 мың болған еді). Бұл АҚШ экономикасының бәрібір рецессияға түсіп бара жатқандығын білдіреді.

АҚШ-тың экономикасы туралы жағымсыз жаңалықтар **мұнай** бағасына да әсер етті. Ол бір баррель үшін 74 долларға дейін түсіп кетті. Осы ретте аптаның басында мұнай бағасы өскен еді. Өйткені оған мұнай бұрғылау қондырғыларының азайтылғаны туралы жаңалық әсер етті. Алайда аптаның ортасынан бастап, мұнай бағасы орта есеппен 1.4%-ға төмендеді. Төмендеуге Қытай экономикасының көрсеткіштері түрткі болды. Мұнайдың жыл басынан бері өсуі негізінен «Қытай лоқдауннан шыққан соң, мұнайға деген сұранысты арттырады» деген болжамға байланысты болды. Өйткені Қытай әлемдегі ең ірі мұнай импорттаушы ел. Алайда қаңтар-сәуірдегі сауда теңгерімінде импорттың 7.3%-ға төмендеп, экспорттың 2.5%-ға өскендігі көрсетілген.

**Ресейлік валютаның** бағамы аздап әлсіреп (+1%), бір доллар 77.9 рубльды құрады. Доллар индексінің нығаюы рубль бағамына жағымсыз әсер етуде. Рубльге Urals маркалы мұнай бағасының өскендігі және ресейлік мұнайға деген жеңілдіктің қысқаруы қолдау болды. Орташа дисконт бір баррель үшін 23.9 долларды құрады. Ал сәуір айында 26.3 доллар болған еді. Сәуір айында ресейлік мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін 58.6 долларға тең болды. Атап өту керек, қазақстандық KPCO маркалы мұнай бағасы мен Urals маркалы мұнай бағасы арасында өзара байланыс бар. Сондықтан Urals маркалы мұнайға қатысты дисконттың қысқаруы экспорттық пайданың қосымша өсуіне оң әсер етті. Бұл отандық валютаның нығаюына себеп болған факторлардың бірі.

Ендеше мамырдағы мерекелерден кейін теңге бағамы біздің болжамға сай аздап түзетіледі деп ойлаймыз. Бұдан басқа, ФРЖ, ЕОБ және Англия Банкі басшыларының мәлімдемелерін күтеміз. Өйткені олардың әңгімелері сыртқы экономикалық көрсеткіштерге әсер етпей қоймайды.

## Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.12.05 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.12.05 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
<b>Brent бағасы</b>	74.2	-1.5%	-15.1%	▲	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	4.75%	2022.24.02	▲
<b>Доллар индексі</b>	102.7	1.5%	1.2%	▲		АҚШ ФРЖ	1.95%	2023.03.05	▲
<b>USDRUB</b>	77.9	0.7%	-4.9%	▼		ЕОБ	-1.55%	2023.04.05	▲
<b>CDS спреді (USD/KZT)</b>	903.8	-3.6 п.п.	-76.0 п.п.	▼		РФ ОБ	1.00%	2023.28.04	▲

\*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

\*\* пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

## Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.12.05 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
<b>USD KZT</b>	446.0	0.2%	-1.5%	-3.6%	414.67	484.18
<b>EUR KZT</b>	486.5	-1.4%	-1.7%	-1.3%	443.06	505.77
<b>RUB KZT</b>	5.8	3.0%	4.7%	-10.1%	5.36	9.1
<b>CNY KZT</b>	64.2	-1.6%	-2.5%	-3.9%	62.21	71.91



## Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.12.05 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
<b>ТЕҢГЕ индексі</b>	88.7	0.6%	-0.6%	6.1%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.7%	0.6%	1.3%	5.0%	
<b>Экспорттық бағалар индексі</b>	135.3	-5.41%	-3.6%	-13.9%	

\* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.


## Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер	
		апта	ай	жылдың соңы			
2023.05.05	USDKZT	445.3	460.7	477.6	×	Нарықта шетел валютасының жоғары ұсынымы, сыртқы экономикалық факторларды елемеу	
2023.05.12		446.0			×	Ұлттық қордан түсетін трансферттердің әсері	

\* сәйкес келеді, × сәйкес келмейді

## Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам

Екінші тоқсанның басталуына байланысты біз бағам бойынша болжамдарымызды қайта қарадық. Бұған негізгі көрсеткіштер: инфляция бойынша болжам (жақсару), мұнай бағасы бойынша болжам (жақсару), ФРЖ (bloomberg болжамдарының консенсусы) және ҚРҰБ базалық мөлшерлемелерінің серпіні бойынша болжамдар себеп болды. Ұсыныстың азаятындығын және нарыққа қатысушылардың пессимистік көзқарастан арыла бастауын ескере отырып, біз мұнай бағасының өсімін оптимистік сценарийде де, пессимистік сценарийде де күтеміз. Сондай-ақ біз бағалар өсімінің жылдық тұрғыда өткен жылдың қорытындысы бойынша 12.4-14.3% деңгейіне дейін түсетіндігін күтеміз. Мұндай төмен көрсеткішке жоғары базалық көрсеткіштер мен халықтың төмен инфляциялық болжамдарының кейінге қалдырылған әсері арқасында қол жеткізіледі. Жанар-жағар май және тұрғын үй-коммуналдық қызмет бойынша талай уақыт шектелуден пайда болған бағалық теңгерімсіздіктің босатылуы инфляцияның төмендеуіне ықпал етеді.





**Автор:** Сұңғат Рысбек

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz